



Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халықтарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды.

Сондықтан бүгінгі күн жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз – Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай тағы да берік сеніммен қарап, болашақтың тыныш өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек. Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі таңда патриоттық дәстүрге сай келетін жатқан жаңа талаптарды қойып отыр. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу

міндеті тұр.





«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.» (Н.Назарбаев)



















ALTAYNEWS.KZ









ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі туралы Декларациясының
1995 жылғы 25 қаңтардағы қаулысына
қарай













Достық екен әмірде ең керегі,
Достық болып дүние дөңгеледі.
Өзендегі толқындар дос боп ақты,
Қанымыздай жүгіріп кеудедегі.
Т. Молдағалиев







A photograph of three world leaders—Barack Obama, Nursultan Nazarbayev, and Dmitry Medvedev—standing together and smiling at the Nuclear Security Summit in Seoul, 2012. They are dressed in dark suits. The background features a blue banner with the event's name and logos, along with the flags of Kazakhstan and the United States.

Nuclear
Security
Summit
Seoul 2012









Астана – ел мақтанышы



Қазақстанның тарихи даму барысында бірнеше қала астана қызметін атқарған. 1920-1924 жылдары Орынбор қаласы, 1924-1928 жылдары Қызылорда , 1928 жылдан Ақмола астана болғанша Алматы осы міндеті атқарды.

Ақмола қаласы 50-жылдардың ортасында тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дами бастаған солтүстік облыс орталықтарының бірі болды. 1996 жылы 6 шілдеде астананы Алматыдан Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды. 1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде жарияланды. Ал 1998 жылы 6 мамырда елбасы Н.Ә.Назарбаев Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда ресми түрде жаңа астананың тұсаукесер тойы болып өтті.

Астана - Қазақстанның бас қаласы





Тарих

Еурасия қылысы

Сәулет

Әлеуметтік сапа



Астана - Бәйтерек



Тәуелсіздік монументі





**Нұрсұлтан Әбішұлы
НАЗАРБАЕВ**

—
ТӘУЕЛСІЗ
МЕМЛЕКЕТТІҢ
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың кітаптары.





ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЛТЫН КӨПІРІ АСТАНАДАН БАСТАЛАДЫ

Күткеніміздей-ақ, кезекті саммит Астанада, желтоқсанның 1-жұлдызында өз жұмысын бастады. Тәуелсіздік сарайында салтанат құрған халықаралық жиын әлемнің 38 мемлекеті мен 7 серіктес елден келген басшылардың, үкімет билігін ұстағандардың, 14 халықаралық ұйым жетекшілерінің басын қосты. Одан бөлек 70 елден 700-ден астам үкіметтік емес ұйым өкілдері, 1000-ға тарта ақпарат құралдары қызметкерлері қатысты.

Жаһандық үміт пен сенімді тұрақтандыруды ту еткен VII саммитті Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев салтанатты түрде ашты. Сөз арасында Елбасы төрт мұхиттың шекаралық аймағында қауіпсіздікті толықтай қамтамасыз ету жайлы ұсыныс жасады. Ресей Президенті Дмитрий Медведев Қазақстан Президентінің қауіпсіздікке қатысты пікірін қолдайтынын және сол қауіпсіздікке әр мемлекет басшысы жауапкершілікте болуы қажет екенін айтты. — «Жалпы қауіпсіздік болмаса өз қауіпсіздігінді сақтау мүмкін емес» деп аяқтады баяндамасын.

(Жалғасы 2-бетте)



Жиырма жыл ішінде қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін - өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Ең бастысы, қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты, бейбітшілікті сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.



Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды.

Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды еткей!

*Назарларыңызға
рахмет !!!*

